Бұл мәліметтер тағы да адамның психикалық өрісінің оның дене мүшелерінің жағдайымен тығыз байланыстылығы туралы маңызды заңдылықтарды қуаттайды. Осы мәселе бойынша сонау XIX ғасырдың соңында және XX ғасырда И.П. Павлов, З. Фрейд, кейіннен А.А. Ухтомский, П.К. Анохин, Н.А. Бернштейн, К.В. Судаковтар ірі зерттеулер жүргізді. Анықталған заңдылықтар негізінде дене- психикалық (психофизикалық) деп аталатын жаттығу дайындалды [6]. Оны кез келген адам өзінің іс-әрекетінің жауапты кезеңінде ағзаны жұмылдыру үшін және психикалық жағдайын өзі реттеу үшін пайдалана алады. Мысалы, студент маңызды емтиханды ойдағыдай тапсыруға өзін бағыттап, күшін жұмылдыра алады; спортшы жауапты жарыстардың алдында жүйкені жұмылдыру әдісін қолданады [7].

Қазақстанның ЖОО-да студенттердің денсаулық жағдайына, сырқаттану құрылымына және зиянды әдеттердің бар - жоқтығына арналған зерттеулер жүргізілді. Ж. Бозтаевтың мәліметтері бойынша Алматы технологиялық университетінің 1-3 курс студенттерін 1999 жылы дәрігерлік тексеруден өткізгенде жалпы саннан (1310) 245 студентте (18,7%) түрліше аурулар тіркелген. Ауру-сырқаудың құрылымы бойынша жүрек-қан тамырлары аурулары, пиелонефрит және асқазан ішек аурулары алғашқы орындарға шыққан.

Автор денсаулық тобында шұғылданушы барлық студенттер салауатты өмір салтын ұстанады және ешкім де зиянды әдеттерге бой алдырған жоқ деп есептейді. Күрес және футболмен шұғылданатын спортшылардың басым көпшілігі салауатты өмір салтын

сақтайды, ал спортпен шұғылданбайтын студенттердің тек 48%-ы ғана зиянды әдеттерге бой алдырмаған [8, 17-18 б.].

Біздің қоғамның денсаулыққа деген әлеуметтік тапсырысына қарағанда рухани әлемінің және ағзаның денсаулықтарына өте қатты кері әсер ететін зиянды әдеттерге, темекі тартуға, алкоголь ішімдіктерін қолдануға, нашакорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыру әлеуметтік құндылық ретінде үлкен маңызға ие. Студенттердің өзіндік психологиялық, физиологиялық және жекелік мінездемелері олардың арасында нашакорлық, алкоголь, никотин «жұқтырудың» таралуы жас адамның психологиялық және физиологиялық денсаулығына ғана емес, сондай-ақ рухани әлеміне де орасан зор зиянын тигізеді. Мұндай жағдай осындай келеңсіз жайттардың алдын алу мен оған қарсы нақты зерттелген шаралар жүйесін қалыптастыруды қажет етеді.

Жоғарғы оқу орындарынғы тәжірибелерден көргеніміздей, зиянды әдеттерге қарсы тұру үшін жастардың беделін арттыратын, қызығушылығына сәйкес келетін, ерікті түрде айналысатын практикалық жұмысқа тарту болып табылады. Жастардың қызығушылығына қарай көбінесе дене шынықтыру мен спорт осындай жұмыстардың бірі болып келеді. Қазіргі педагогика және психология ғылымдары дене шынықтыру мен спортты жеке адамның, оның мінез-құлқының қалыптасуына байланысты денесін шынықтыруына, рухани және психикалық сапасын тәрбиелеуге ықпал ететін ерекше іс ретінде қарастырады. Жоғарғы оқу орнындағы денешынықтыру сабақтары тек денешынықтыру тәрбиесі ретінде ғана емес, сондай-ақ, студенттердің рухани тәрбиесіне де белсенді түрде қолдануға болатын шара ретінде қарастыру қажет. Дене шынықтыруды жастарды рухани тәрбиелеудің іс-шаралар кешеніне қоспаған жағдайда бұл мақсатқа жету қиын. Сондықтан, рухани тәрбиенің ең басты бөлшегі - зиянды әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу екендігін атап өткен жөн. Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында жүргізілетін кешенді шараларға енгізілген дене шынықтыру және спорт рухани-тәрбиелік қызмет атқарады. Дене шынықтыру және спортты педагогикалық үдерісте дене шынықтыру тәрбиесінің тиімділігіне зиян келтірмей, зиянды әдеттердің алдын алу мақсатына арнайы үйлестіру қажет. Дене шынықтыру жастарды кең ауқымда рухани тәрбиелейтін дәстүрлі емес әдіс, оны тиімдірек пайдалануды үйренуді қажет ететін, рухани тәрбие аумағына, зиянды әдеттерге деген кері көзқарасты тәрбиелеу бағытына белсендірек енгізуді қажет ететін өзіндік шара. Дене шынықтыру сабақтарында және сабақтан тыс уақыттарда қалыптасқан дәстүрлі жұмыс әдістеріне студенттердің жеке эмоционалдық және психологиялық жағына, олардың рухани қалыптасуына ықпал ететін, қоғамдық маңызы бар дүниетанымды және қалыптасқан рухани тәртіпті педагогикалық тұрғыдан енгізу өте маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Теория и методика физического воспитания в 2 томах // Под ред. Т.Ю. Круцевич: Уч. пос. – Киев: Олимпийская литература, 2008. – 424 с.
- [2] Караваева Е.Л. Теоретическое обоснование концепции научно-методического обеспечения физического воспитания учащейся молодежи // Теор. и мет. физ. культ. – 2007. – №2. – С. 12-18.
- [3] Караваева Е.Л. Технология научно-методического обеспечения физического воспитания учащейся молодежи // Олимп. спорт и спорт для всех: IX Межд. науч. конгресс. – Киев, 2015. – С. 571.
- [4] ВОЗ. Здоровье населения европейских стран. – Женева, 2014. – 478 с.
- [5] Гундаров И.А. Демографическая катастрофа в России: причины и пути преодоления // Почему вымирают русские. – М.: Эксмо, 2014. – С. 109-212.
- [6] Динейка К. Движение, дыхание, психофизическая тренировка. – Минск: Полымя, 2012. – 143 с.
- [7] Алексеев А.В. Себя преодолеть. – М.: ФиС, 2009. – 28 с.
- [8] Бозтаев Ж. Использование средств физической культуры в формировании здорового образа жизни студентов: автореф. дис. канд. пед. наук. 13.00.04: – Алматы. КазАСТ, 1999. – 24 с.

**FORMATION AMONG STUDENTS OF HEALTHY LIFESTYLE AND
PROPHYLAXIS OF HARMFUL INCOMES WITH MEANS OF PHYSICAL CULTURE
AND SPORTS**

Akhmetov N.A, Kystaubaeva K.T. - Caspian State University of Technology and Engineering named after Sh. Esenov

Annotation. The formation of trust in the worldview, ideological and spiritual views is a complex and contradictory process. Physical education and sport should be of great importance for solving this problem. For the harmonious development of youth it is important to include self-esteem, physical training and sports.

Key words: student, healthy lifestyle, bad habits, physical culture, sports

**ФОРМИРОВАНИЕ СРЕДИ СТУДЕНТОВ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ И
ПРОФИЛАКТИКА ВРЕДНЫХ ПРЯВЫЧЕК СРЕДСТВАМИ ФИЗИЧЕСКОЙ
КУЛЬТУРЫ И СПОРТА**

Ахметов Н.А., Кыстаубаева К.Т. - Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга имени Ш. Есенова

Аннотация. Формирование доверия к мировоззрению, идеологическим и духовным взглядам является сложным и противоречивым процессом. Физическое воспитание и спорт должны иметь большое значение для решения этой проблемы. Для гармоничного развития молодежи важно включить чувство собственного достоинства, физическую подготовку и спорт.

Ключевые слова: студент, здоровый образ жизни, вредные привычки, физическая культура, спорт

УДК 94 (574)

Кильдякова Е.Н.¹

¹Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга
им. Ш.Есенова, г. Актау, Казахстан

К ВОПРОСУ ИЗУЧЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ВОССТАНИЯ 1916 ГОДА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. В статье рассматриваются основные подходы к трактовке событий национально –освободительного восстания 1916 года. Отмечаются попытки современной историографии выявить круг нерешенных научных проблем в истории 1916 года.

Ключевые слова: национально–освободительное восстание, революция, война, новые подходы, историография.

Становление и развитие государства Республики Казахстан предопределило актуализацию гуманитарных и общественных наук как важного инструмента духовного возрождения общества. За годы независимости историческая наука Казахстана подняла значительный пласт отечественной истории, ранее не востребованной или забытой в угоду политической системы. Ликвидация «белых пятен» в истории Казахстана, исследование исторического опыта истории социально-политических движений и казахской государственности дает прямой выход на современные процессы национально-государственного строительства.

Советская историография рассматривала каждое освободительное выступление народов окраин, как явление региональное, внутригосударственное. Отсутствие целостного взгляда на общество как на систему мешало пониманию исторического процесса как взаимосвязанного, находящегося в постоянном диалектическом развитии. Доминировал избирательный подход к фактам и их тенденциозная интерпретация. Это

обуславливало деформирование представлений по определенным проблемам. Поэтому, необходимость изживания фальсификации в освещении вопросов отечественной истории, допущенной в советское время, обуславливает актуальность современных исследований. Процесс деидеологизации казахстанской исторической науки сегодня предоставил возможность объективной оценки и переосмысления ряда проблем истории и историографии Казахстана.

В преддверии революционных событий 1917 года крупнейшим восстанием, потрясшим Среднюю Азию и Казахстан, было восстание 1916 года. Оно явилось результатом обострения капиталистических отношений, выразившихся в разжигании первой мировой войны и кризиса русского царизма.

Первая мировая война до предела обострила все противоречия в обществе, привела к резкому упадку сельскохозяйственного и промышленного производства, значительному снижению жизненного уровня населения. Архивные документы позволяют увидеть глазами современников военных лет бедственное положение народа, страдающего от тяжелого бремени налогов, повышения цен в 3-4 раза, по сравнению с довоенным периодом, на продукты первой необходимости.

Таким образом, в годы первой мировой войны экономический кризис охватил всю страну и ускорил процесс созревания революционной ситуации. Массовое изъятие земель у кочевников царскими чиновниками, усиление колониальной системы управления, грабительская налоговая политика царизма, захват феодальной верхушкой аула общинных земель, сосредоточение в ее руках большого количества скота и ряд других факторов привели казахских шаруа к борьбе за свое социальное и национальное освобождение.

Во второй половине 1916 года после обнародования царского указа от 25 июня 1916 года отдельные народные выступления переросли в антиколониальное, антифеодальное национально-освободительное восстание.

Первые работы – описательного характера – появились сразу после 1916 года. В целом, в советской историографии в оценке тех событий преобладал классовый подход, как это было принято. Хотя в научных исследованиях ученых учитывался и антиколониальный, освободительный характер народного движения 1916 года. Но основным достижением советской историографии, не смотря на доминирующие политические оценки, был всесторонний и значительный уровень изученности многих аспектов этого восстания. Это публикация многочисленных сборников документальных источников.

До революции события 1916 г. именовались бунтом, мятежом, а в советский период – восстанием. Советские историки оценивали их как акт национально-освободительной борьбы народов Средней Азии и Казахстана против царизма.

В постсоветский период основное внимание уделялось антиколониальному аспекту восстания, его национально-освободительному характеру, который имел историческое значение. За годы суверенитета опубликовано множество ранее неизвестных документальных источников, материалов по 1916 году и в связи с этим появилась возможность по-новому взглянуть на эти трагические события, переосмыслить противоречивые, сложные моменты освободительного движения. И появилась возможность анализа тех проблем, которые были несколько позабыты в советское время, или получили идеологизированное объяснение.

В современной историографии предпринимаются попытки выработать новые подходы в оценки событий, выявляется круг нерешенных научных проблем в истории 1916 года.

В изучении данного исследования дальнейший вклад, в период с 1985 года по настоящее время, внесли ученые Козыбаев М.К., Нурпеисов К.К., Есмагамбетов К.Л., Касымбаев Ж.К., Койгельдиев М.К., Алдажуманов К., Ермуканов Е.Н., Ибрагимов Ж.И. и другие.

В рамках нового осмысления истории феномена 1916 года представляет большой интерес взгляд академика М.К. Козыбаева. Он подвергает пересмотру концепции III тома «Истории Казахской ССР» в пяти томах[1]. Если в советской историографии восстание 1916 года рассматривали с позиции классового подхода, как «крестьянское восстание», то академик М.К. Козыбаев дает новую трактовку национально-освободительному движению, как «революции». По мысли М.К. Козыбаева, в 1916 году шла народная освободительная антиколониальная война против царизма. Казахстан стал краем вооруженного, сражающегося народа. Образовался общенациональный фронт против колониализма. Это дает основание характеризовать события 1916 года как национально-освободительную революцию. Движение надо рассматривать в связи с мировой империалистической войной и вместе с тем как революцию равноправную и предшествующую Февральской революции. Движение 1916 года стало рассматриваться как всемирно историческое событие, всемирно исторического масштаба. Академик М.К.Козыбаев был вообще против термина «восстание», потому как оно подразумевает мятеж, а исследуемые события выходят за рамки мятежа.

Глава государства Назарбаев Н. А. в работе «В потоке истории» отмечает, что «массовость, широкий охват всех слоев общества, выдвижение общенациональных

лозунгов, широкий охват всех слоев общества, создание институтов государственной власти позволяют оценивать его как национально-освободительную революцию, одну из первых революций подобного типа, происходивших в колониях царской России» [2].

Но восстание в отдельных районах носило стихийный характер, точнее только в некоторых районах оно приобретало организованный характер. Несмотря на большое значение как национально-освободительное движение, восстание 1916 года все-таки на революцию не тянет.

В 90-е годы XX в. в научной литературе методологическая оценка движения, как революции вызвала спор. Самое мотивированное и систематическое суждение разрешению этого спора предложил М. Койгельдиев, аргументировав свое мнение в труде «Алашқозғалысы».

В 1996 году началась публикация статей, посвященных 80-летию восстания 1916 года. На международной конференции прошедшей в городе Алматы М. Козыбаев, К. Нурпеисов, К. Усенбаев, Н. Бекмаханова, К. Алдажуманов и многие другие ученые изложили основные положения о причинах, движущих силах восстания.

В 1998 году был издан сборник документов и материалов «Грозный 1916-й год». По мнению составителей сборника, значительным достоинством двух томов стали опубликованные документы, в происхождении которых активное участие принимали представители казахской интеллигенции, и эти источники отражают сущность и содержание взглядов на события 1916 года А. Букейханова, А. Байтурсынова, М. Дулатова, М. Тынышпаева и других. Таким образом, благодаря такому сборнику, можно в полной мере увидеть картину их практической деятельности в годы подъема национально-освободительной борьбы казахов против царизма.

Ряд ученых предлагают пересмотреть хронологические рамки восстания 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Как известно, нынешняя историография ограничивает восстание хронологическими рамками: 4 июля - ноябрь 1916 года. Таджикский исследователь Мамадалиев И. А. предлагает пересмотреть дату начала восстания: он считает, что восстания началось 3 июля в Ходженте, где 2-3 июля скопились жители окрестных кишлаков, в это же время началось составление списков рабочих на тыловые работы. Первое выступление недовольных набором рабочих произошло 3 июля.

Мажитов С. утверждает, что восстание не закончилось в ноябре 1916 года, оно продолжилось до весны 1917 года, что существует большой пласт документальных источников, которые это подтверждают: в январе 1917 года повстанцы Тургая предприняли новое наступление, против которых в феврале была проведена карательная экспедиция под руководством генерала Лаврентьева. Во время отступления в глубь степей

до восставших доходит весть о Февральской революции. И на 1917 год приходится период расправы над восставшими. Мажитов С. настаивает, что изучение национально-освободительного движения казахского народа в рамках 1916-1917 годов открывает новые возможности в изучение этого восстания, позволяет по-новому взглянуть на ряд событий, которые происходили весной и осенью 1917 года в Казахстане и Средней Азии.

Одной из самых дискутируемых тем в истории Киргизии стала теория геноцида, направленная против кыргызского народа, на подавление национально-освободительного движения. В ее основе лежит теория провокации, выдвинутая современником тех событий Бройдо, которую, он опубликовал после тех событий. Он утверждает, что восстание было результатом провокационной работы всей администрации, не исключая и высшей, направленной на то, чтобы вырезать кыргызское население и очистить земли для дальнейшей колонизации. Но среди историков Киргизии нет единого мнения о численности восставших, так и о численности погибших кыргызов в ходе подавления восстания и бегства в Китай.

В 2016 году вышел сборник документов и материалов «Восстание 1916 года в Туркестане: документальные свидетельства общей трагедии», подготовленного усилиями Института всеобщей истории РАН и исторического факультета МГУ им. М. В. Ломоносова. Автор-составитель книги старший научный сотрудник Института истории РАН Татьяна Котюкова. Сборник включает в себя 122 документа, помогающих оценить начало и ход восстания, его подавление, бегство восставших кыргызов, казахов, дунган в Китай и их дальнейшую реэвакуацию советской властью. На взгляд авторов, восстание 1916 года в Азиатской России – «это крайняя форма проявления так называемого «мусульманского» вопроса. Именно «мусульманский вопрос», вернее, его нерешенность, стал камнем преткновения для проведения успешной интеграционной и модернизационной политики в крае»[3].

Возможно, это еще один новый подход к трактовке событий столетней давности.

Современной российской историографией поднимается еще один важный вопрос: влияние внешнего фактора на национально-освободительное движение – заговор внешних сил. С самого начала значительная часть российских чиновников и военных была склонна видеть в этом обширном восстании, охватившем практически всю территорию Центральной Азии турецкий след. Эта точка зрения существует до сих пор и в определенной мере она не лишена оснований. Действительно, среди центрально-азиатских народов, довольно широко были распространены пантюркистские и панисламские настроения, многие желали, чтобы Турция одержала победу над Россией.

По данным интернет-проекта Росархива «События в Семиречье 1916 года по документам российских архивов» деятельность турецкой разведки в Центральной Азии была также довольно активной. Наряду с немцами и турки сыграли некоторую роль в организации восстания. Агенты противника действовали с территории Китая, Афганистана и Персии. Внешние силы всегда будут пользоваться любыми возможностями дестабилизировать враждебное государство. Но чтобы подобная деятельность привела к успеху, нужна все-таки подготовленная почва, в виде накопившихся массовых негативных эмоций. Поэтому, внешние силы в восстании 1916 года все-таки имели второстепенное значение. И все это требует еще внимательного изучения документов не только нашего и российского архивов, но и архивов германского штаба, других органов. Однако утверждать, что национально-освободительное движение стало результатом только подрывной деятельности немецких шпионов и турецких эмиссаров конечно же нельзя. Это упрощенческий подход.

Восстание было вызвано целым комплексом сложных социально-экономических, политических процессов, в том числе и переселенческой политики, и аграрной, и налоговой политики царизма. Однако, в изучении источников и причин восстания, следует избегать политизированного подхода, надо отказаться от каких-либо конфронтационных аргументов для доказательства своей позиции. Одновременно стоит задача вывести исследование восстания на уровень нового теоретического осмысления и определить пути его дальнейшего изучения на основе новых исторических источников и исследований.

Национально-освободительное движение в Казахстане и Средней Азии 1916 года ушло в прошлое, но его историческое значение до сих пор до конца не осмыслено современниками. Требуют дополнительного исследования и переоценки вопросы национального состава народного движения, его географии, судьбы участников и лидеров, военного искусства повстанцев и другие.

ЛИТЕРАТУРА

- [1] История Казахстана с древнейших времен до наших дней. В 5-ти томах. - Алматы: Атамұра, 2000. –Т 3. - С.40.
- [2] Назарбаев Н.А. В потоке истории. Алматы: Атамұра, 1999. - С.166.
- [3] Восстание 1916 года в Туркестане: документальные свидетельства общей трагедии: сб. док.и материалов. М.: Марджани, 2016. –С.102.

TO THE QUESTION OF STUDYING THE NATIONAL-LIBERATORY REBELLION IN 1916 IN KAZAKHSTAN

Kildyakova Y.N. - Sh. Yessenov Caspian State University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Abstract. In this article the main approaches to the interpretation of the events of the national liberation uprising of 1916 are reviewed. Attempts of modern historiography to identify the range of unsolved scientific problems in the history of 1916 are noted as well.

Keywords: National liberation uprising, revolution, war, new approaches, historiography.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ ЗЕРДЕЛЕНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кильдякова Е.Н. - Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті талдаудың негізгі жолдары қарастырылады. Қазіргі заманғы тарихнаманың 1916 жылғы көтеріліс тарихына қатысты шешімін таппаған ғылыми мәселелердің ауқымын анықтаудағы әрекеттері байқалады.

Түйінді сөздер: Ұлт-азаттық көтеріліс, революция, соғыс, жаңа тәсілдер, тарихнама

ӘОЖ: 908 (045)

Қамиева Г.Б.¹

¹Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

МАҢҒЫСТАУДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ ІСІНІҢ ДАМУ ТАРИХЫ (XIX ҒАСЫР – XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ)

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы жартысындағы Маңғыстаудағы оқу-ағарту ісінің даму тарихы ғылыми тұрғыдан зерттелінеді. Өңірдегі халықтың сауаттылық деңгейі және халық ағарту ісін дамытуда 1950 жылдарға дейінгі жүргізілген іс-шаралар, олардың ерекшеліктері көрсетілген.

Түйінді сөздер: білім, Маңғыстау, ағарту ісі, сауатсыздықты жою.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев XXI ғасырдың білім мен ғылым ғасыры болатындығын үнемі қайталайды. Бұл – жаңа заманның талабы. Соңғы 20 жылда білім мен ғылым

саласында терең, түпкілікті әрі заманауи реформалар жүзеге асырылуда. Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау [1].

Өткенге көз жүгіртсек, қазақ халқы ерте заманнан-ақ білімді де сауатты болуға ұмтылған, надандық пен топастықты әжуа етіп, күлкіге айналдырған. Бұның дәлелі ретінде қазақтар арасында кеңінен тараған «Қара күш бірді жығар, білімді мыңды жығар» деген мақалды алуға болады. Оқу-ағарту жұмысының тарихы елімізде ерте кезден-ақ бастау алған. Әсіресе, отырықшы аудандарда орта ғасырдың өзінде (VII – VIII ғ.ғ.) көптеген мектептер мен медреселер, діни білім беретін жоғарғы оқу орындары жұмыс жасаған. Ертедегі Исфиджаб, Тараз, Сайрам, Түркістан, Отырар, т.б. қалалардағы медреселер саны 84-ке жеткен. Оларда 5 мыңға жуық шәкірт білім алған.

XIX ғасыр – XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда халыққа білім беру ісі екі бағытта: діни және зайырлы бағыттарда жүргізілді. XIX ғасырдың орта кезіне дейін қазақ балалары мектептер мен медреселерде мұсылманша білім алды. Оларды негізінен молдалар оқытты. Мұсылмандар мектебінде негізінен ер балалар оқыды. Халық арасында медреселердің беделі күшті болды. Олар молдалар мен мектеп мұғалімдерін даярлады. Оқу мерзімі 3-4 жылға дейін созылды. Медресе шәкірттері ислам дінінің негіздері бойынша бастауыш білім алумен қатар философия, математика, медицина, тарих, тіл білімі (лингвистика) және астрономия жөнінде де едәуір хабардар болып шықты. 1870 жылдан бастап патша үкіметінің бастамасы бойынша медреселерде міндетті түрде орыс тілінің негіздерін үйрету енгізілді [2].

XIX ғасырда Қазақстанда жүрген өзгерістер Маңғыстау өңіріндегі білім беру жүйесін де қамтиды. 1897 жылы жүргізілген Ресей империясының Бірінші халық санағының санақ қағазында ана тілі, оқи білуі мен оқыған жерін көрсету қажет етілген графалар болды. Сауаттылық деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін графада үш сұрақ-көрсеткіш белгіленді: орысша сауаттылығы, басқа тілдердегі сауаттылығы және бастауыштан жоғары білім алғандығы туралы. Сауаттылығы жағынан басқа ұлттарға карағанда орыстар жоғарғы көрсеткіш көрсетті – 26,6%-ы сауатты болды. Алайда олардың арасында басқа тілдегі сауаттылар болмады. Екінші кезекте татарлар, үшінші орынды қазақтар иеленді: 86005 қазақ немесе бүкіл қазақтардың 2,7%-ы сауатты деп есептелінді. Қазақтар арасында арабша сауаттылар болды, бірақ, мұндай адамдар саны нақтыланбады. Маңғышлақ уезі бойынша сауаттылар 1375 адам (уездің 2,0%), соның ішінде «орысша сауаттылар» 878 адам, «басқа тілде сауаттылар» 497 адам, «бастауыштан жоғары білім алғандар» 42 адам болды.

Маңғышлақ уезіндегі сауаттылық деңгейі 1897 ж. санақта төмендегі көрсеткіштермен сипатталады: 63 795 қазақтың 504-і сауатты (облыстағы қазақтардың

0,8% ғана), оның 52-сі орысша сауатты (50 ер адам, 2 әйел адам), 456-сы басқа тілдерде сауатты (451 – ер адам, 5 – әйел адам). Соның ішінде 1 қазақ бастауыштан жоғары білімді деп есептелінген. Жастық белгісіне байланысты білімділерді жіктесек, өлкедегі орысша-қазақша мектептердің жұмыс істей бастауының мерзіміне және ондағы білім алушылардың жас мөлшерінің жастығына сәйкес, орыс тілінде сауаттылар 9-49 жас аралығында көбірек кездеседі де, адамдардың жасы ұлғайған сайын «басқа тілде сауаттылардың» саны көп кездеседі. «Басқа тілде сауатты», - деп араб, парсы, түрік тілдерінде сауаттылар аталады. Алайда, бұл санақта орыс тілінде сауаттылардан өзге сауаттыларды есептеуде салақтық жіберіліп, бұл графаға немқұрайлықпен қарады деген пікір бар. Олай болса, басқа тілде сауаттылар саны одан да көп болуы мүмкін [3].

Маңғыстау елі Қазан төңкерісіне дейін өз балаларын жергілікті жерлердегі мешіт-медреселерде оқытты. Сөйтіп олар араб, парсы, түрік тілдерін меңгерді, осы тілдерде сауат ашып келді. Маңғыстауда бұл жылдары мұсылман мектептері де, медреселер де болған. Маңғыстау уездік басқармасының есебінде мұсылман балаларын оқытатын 26 медресе болғаны көрсетіледі. Түпқараған болысында – Басқұдық, Тарталыда; 1-Бозашы болысында Шетпе, Бүліш, Тасорпада; 1-Бозашы болысында – Бесбұлақ, Шебір, Тұщықұдық, Шотан, Қолшы, Жармыш, Иткелді, Қаламқаста; Түрікмен болысында Ақшұқырда; Маңғыстау болысында – Сұмса, Ақтөбе, Жарма, Қойлан, Гунин, Жыңғылды, Жағыш, Ақпан, Сенек, Тасқұдық, Форт-Александровск, Қаражарда. Оларда 7-20 жас аралығындағы ер балаларды оқытады. Оқитын пәндері – түрік тілі, арапша сауат ашу, хат тану, құран [4].

Ал, 1892 жылғы мәлімет бойынша, Маңғышлақ уезінде 34 медресе болды. Онда 492 оқушы (оның 322 – ер, 170 – әйел) оқыды. Уездегі болыстықтар бойынша талдасақ, Райымберді болысындағы 4 медреседе 162 оқушы оқыған. Уездегі медреселердің ішіндегі ең ірісі осы медресе болып табылады. Түрікмен-Адай болысында 7 медреседе 82 ер, 21 қыз бала, барлығы 103 оқушы оқыған. Сондай-ақ, Маңғышлақ болысындағы 5 медреседе 23 оқушы (17 – ұл, 6 – қыз), 1-Бозашыдағы 2 медреседе 81 – ұл, 48 – қыз, барлығы 129 оқушы, Түрікмен болысындағы 4 медреседе 45 ұл, 30 қыз, барлығы 45 оқушы болған. Бұдан басқа 12 медреседе оқыған балалар саны көрсетілмейді. [5].

Оқытушылар көбінесе молдалар, ахундар болды. Нақты мысалдарға келсек, Адай елінің Қосқұлақ атасынан өрбитін Бекет Мырзағұлұлының ағартушылық қызметі туралы мәлімет бар. Бекет Ата халықты сауаттандыру, дін жолын уағыздау мен имандылыққа тәрбиелеу мақсатында уақытша мешіттер де ашқан. Сондай-ақ, Жаналыұлы Абдолла, Қырымқұл Әбді ахун Мырзайыр, Шегем Қыдырша Жәуперұлы, Шоңай Шайхы

Кендірбайұлы, Айтқұл ахун Қараш Байқұл, Бектеміс Жары Ержан Төлегенұлы, т.б. оқытушылар халық аузында үлгі болып қалған [3].

1900 жылы патша әкімшілігі Каспий сырты облысындағы білім беру жүйесіндегі мешіттер мен оқу орындары туралы мәлімет жинайды. Сол мәліметте Маңғышлақ уезіндегі мешіт, медресе, мектептер мен олардағы оқушылар туралы мағлұмат бар. Осы мәлімет бойынша, 1900 жылы Маңғышлақ уезінде 2 имамдық, 1 соборлық және 1 приходтық білім беру орталықтары ресми тіркеліп, 29 мектепте 20 – оқытушы, 214 – ер бала мен 34 қыз бала – барлығы 248 оқушы оқиды деп көрсетіледі. [3]. Келесі деректер бойынша, 1910 жылы Маңғыстау уезіндегі 67 мұсылман мектебінде 1003 шәкірт оқыды, делінеді [6].

Сонымен, 1870 – 1900 жылдардың мәліметтеріне сүйене отырып, Маңғыстау жерінде 30-ға тарта мұсылман мектептері жұмыс істеп, жылына онда орта есеппен 300-ге тарта бала оқу бітіріп отырған деуге болады.

1878 жылдың көктемінде Баку қаласында тұратын Закаспий әскери бөлімінің бастығы Ломакиннің атына Маңғыстаудан, Форт-Александровск слободкасынан хат келіп жетеді. Хат иелері Форт-Александровскідегі дәулетті армяндар Никита Франгулов, Аврам Франгулов, Аванес Айвазов, Марк Нагаметов, Карапет Габрилов, Яков Асланов, Илья Аваков, Александр Каджардузов, Исон Женмедзов, Аким Авенеев еді. Олар слободка тұрғындарының көбі қаржы жетпегендіктен балаларын оқыта алмай отырғанына кынжылады. Форт-Александровскіден шаруашылық әдіспен балаларды тегін оқытатын қоғамдық мектеп салуды өз мойындарына алатындықтарын хабарлайды. Мұндай игілікті бастамаға Ломакин қарсы бола қоймайды. Армян қоғамы мүшелерінің ұсыныстарын қолдап, үкімді Маңғыстау приставтығының бастығы Наврацкийге жолдайды [4]. Осылайша Форт-Александровск қаласында алғашқы мектеп дүниеге келеді. Немесе Маңғыстау жеріндегі алғашқы орыс мектебінің ашылуы 1878 жылы жүзеге асырылды.

Адай балалары мұсылман мектептерінде оқыды. 1870 – 1896 жылдар аралығында орташа есеппен 300 оқушы оқыған. Алайда патша үкіметіне орысша сауатты, оның саясатын енгізуге оған көмектесуге қабілетті қазақтар керек болды. Оларды Форт-Александровск, Николаевск, Долгий мектептерінен кездестіруге болатын. 1887 жылы Александровский фортындағы слободкада қазақ балалары үшін бір кластық 4 жылдық оқыту мерзімімен бастауыш училищесі ашылды. Бұдан бұрын қазақ және түрікмен балалары оқыған Николаевская станицасында шіркеу-приход мектебі жұмыс істей бастайды. Мектептерде орыс тілін, арифметика және басқа да пәндерді оқытты. 20 қазақ баласы үшін Александровский бастауыш училищесі мен интернаты халық қаражатынан, ал Николаевский шіркеу-приход мектебі – станица халқының қаражатынан қызмет етті.

1887 жылы 10 қазақ және 3 түркімен балалары оқыған. Мектепте жалпы саны 1190 кітаптан құралған өз кітапханасы да болған [3].

Маңғыстау уездік басқармасының 1887 жылғы құжаттары арасында (республикалық мемлекеттік мұрағат қорынан) уездегі оқу орындары туралы мынадай деректер бар: Николаевск станицасында приход мектебі бар. Онда 48 оқушы оқиды – 26 ұл, 22 қыз. Форт-Александровск слободкасында бір кластық бастауыш училище бар. Ол Халық ағарту министрлігінің қоғамдық қалалық бастауыш училищелері разрядына жатады [4].

XIX ғасырдың 90-жылдарында Ресей кәсіпкерлері арнайы техникалық білімді дамытуға ден қоя бастады. 1893 жылы шіркеу-приход мектебін екі кластық училищеге айналдырылып, мұнда қайықшылар мен балташылар және темір ұстасы бөлімдері ашылған.

1896 жылы Николаевск станциясында 1 кластық қыздар училищесі және Кіші Долгий жерінде қыздар мен ер балалардың екі кластық училищесі ұйымдастырылады. Сол кезде Форттың бір кластық училищесінің жанында 14 адамдық интернат және 2 шеберхана ашылады. 1896 жылы интернатта 10 қазақ ұлдары оқыған. Егер осы жылғы уездің сауатты адамдарының атаулы тізімі бойынша талдасақ, онда қазақша «жақсы сауатты» (араб қарпінде) 68 адам, оның ішінде орысша сауатты 8 адам болды. Сауаттылардың ішінде 25 адам хатшы болып жұмыс жасаған [3].

1917 жылдың қазан айындағы дерек бойынша, Маңғыстау уезінде 4 оқу орны болды. Форт-Александровск қаласында түземдіктер үшін интернаты бар екі кластық училище, Николаевск селениесінде екі кластық ерлер, бір кластық қыздар училищесі, Долгий аралында бір кластық аралас училище болғаны айтылады [4].

1919 жылы сәуірде Форт-Александровскіде халыққа білім беруді жолға қою жөнінде комиссия құрылады. 1920 жылдың мамырынан бастап алғашқы мектептер жұмыс жасай бастайды. Шілде айынан бастап халыққа білім беру бөлімі іске кіріседі. 1920 жылы Адай уезінде сауатсыздықты жою (саужой) жүйесінде қалада 3 мектеп, уезде 1 мектеп жұмыс жасап, оларда 79 адам (64 қазақ, 15 орыс) бітіріп шығады.

XX ғасырдың 20-жылдары Маңғыстаудағы оқу жүйесі үшін өте қиын кез болды. Көшпелі ауылдарда мектеп салынбаған, мұғалімдер мен балалар киіз үйлерде елмен бірге көшіп жүрген. Оқу құралдары мен оқулықтар жоқ, мектептерді қаржыландыратын байлар мен молдалар елден қуылған, жас кеңес үкіметінің қаражаты жетпейді [5].

1925 – 1930-жылдары уезд мектептеріне оқулықтарды тікелей Қазақ мемлекеттік баспасынан алдырып тұрған. Бір ғана 1928 жылдың өзінде уезд орталығына 3 229 оқулық әкелінеді [4].

1921 жылдың 5-сәуірінде халық ағарту бөлімінің уездік ревкомға берген есебінде уездегі мектептер саны түгел көрсетіледі. Форт-Александровск қаласында: 1-сатылы мұсылман мектебі (3 мұғалімі бар), мұсылман әйелдер мектебі (2 мұғалімі бар), 1- және 2-сатылы екі орыс мектебі, әрқайсысы 50 балалық мұсылман және орыс бала бақшалары; Николаевск станицасында 1-сатылы 3 орыс мектебі, 2 бала бақша; Долгийде – 1-сатылы 1 мектеп болған.

Сонымен бірге мұсылманша оқытатын 4 дала мектебі жұмыс жасайды. Олар Қамыс ауылда, Ақмышта, Ақшоқыда, Аралдыда ашылды. Бұларда бір-бірден ауыл молдалары – Салықов, Оразбаев, Көбеев, Ермембетов сабақ берді. Уезде осы 1921-жылы 37 мұғалім, 771 оқушы, 23 курсант болды.

Екі кластық білімі бар қазақтарды мұғалімдікке даярлайтын педагогикалық курстың ең алғашқы түлектері болған 9 адам – С.Алдабергенов, Б.Қилыбаев, Н.Көбеев, А.Салықов, Б.Шымыров, О.Шағырбаев, Т.Шүкіров, Д.Өтебаев, А.Оразбаевтар еді. Олар уездік ревком бұйрығымен оқуларын бітірген соң мамандықтары бойынша жұмысқа жіберілді. Қазақтарға арналған мұғалімдік үш айлық курсқа жасы 16-дан жоғары, екі кластық білімі барлар алынды. Дәл осындай орыс кластарына мұғалімдер даярлау курсы да болды. Ол Николаевск станицасында ашылды. Оған төрт кластық білімі барлар қабылданды.

Уезде мектептер мен халық ағарту мекемелерінің саны жылдан жылға көбейіп отырды. 1924 жылы Уездік оқу бөліміне қарасты 11 мектеп – 4-і орысша, 7-і – қазақша, 3 клуб (олар кезінде народный дом деп аталды), балалар үйі, коммуна-мектеп, 2 саужай пункті (сауат ашу), 3 кітапхана болды [4].

1926 жылғы санақта сауаттылық дәрежесі тағы да есепке алынды. 1926 жылы Маңғыстау халқы Адай уезі әкімшілік-аумақтық бірлігінің құрамында болды. Уезде 1926 жылы санақта 67928 ер адам, 67627 әйел, барлығы 135555 адамның 36939-ы сауатты деп есептелінді. Қазақтар уездегі көпшілік статусын сақтап қалды. Нақ осы ерекшелік Маңғыстау халқының құрамының Қазақстанның өзге аумақтарына қарағандағы өзгешелігі болып табылады [3].

1926 жылдан бастап Ақмышта жетім, жартылай жетім және қараусыз қалған балалар үшін мектеп-коммуналар өз қызметін бастайды. Халыққа білім беру бөлімі олардың жөндеу жұмыстары мен жарақтандырылуына 127 мың сом ақша бөледі [7].

1929-жылдың 7-ақпанында латын алфавиті Қазақстандағы мемлекеттік алфавит боп бекіп, заңдастырылды. Республикада жаңа алфавит комитеті құрылып, оны О.Жандосов басқарса, мұндай орган округте де болды. Округтік бюджет бұл мақсатқа 35 485 сом қаржы бөлді.

30-жылдардың басында 16-50 жас арасындағылар түгел сау жойға тартылды. Маңғыстаудың Ақкетік ауылында қыздар мектебі, Ұштаған, Ащымұрын ауылдарында көшпелі, Шайыр, Жармышта бастауыш мектептер ашылады. Көшпелі мектептер 1937 жылға дейін жұмыс жасады. 1934 жылы Адай уезіндегі мектеп саны 42-ге, мұғалімдер саны 86-ға, мектепке тартылған балалар саны 2500-ге жетті. 1933 – 1937 жылдары міндетті 7 жылдық білім беру жүзеге асты [4].

1937 – 1938 жылдардағы репрессия Маңғыстау өлкесіндегі оқу ағарту саласына да кері әсерін тигізді. Республика бойынша 22 мың адам атылып, 44 мың Сібір түрмелеріне айдалып, қуғындалса, олардың қатарында маңғыстаулық ұстаздар – Б.Төлеуов, Ж.Нәрін, Е.Төлегенұлы, Р.Айдаров, А.Таңқабаетов, Қ.Есмағамбетов және т.б. болды.

1939 жылы Маңғыстау ауданында жаңа типтегі мектеп ашылып, оған 1939 – 1940 оқу жылынан бастап Қызылқұм, Жыңғылды, Ұштаған жеті жылдық мектептерін бітірген жиырма бала келіп оқи бастады. Бұл Маңғыстау аймағындағы екінші қазақ орта мектебі. Ал бірінші мектеп – 1938 – 1939 оқу жылы орта мектеп болған С.М.Киров атындағы мектеп. Бұл мектеп 1938 – 1939 ж.ж. бірінші рет, 1942 жылы үшінші рет, 1949 жылы төртінші рет оныншы кластық білім беріп, шәкірттерін оқытып шығарады [5].

Бүкіл Қазақстандағы тәрізді Маңғыстауда да мектептерде оқу мен жазу 1940 жылдан бастап кириллицаға көшіріледі. Өңір мектептері Ұлы Отан соғысының зардабын да басынан өткерді. Мектептерге жөндеу жұмыстары жүргізілмейді. Қыс мезгілінде жылытылмайды. Елдегі еңбекке жарамды ер-азаматтардың майданға кетуіне байланысты 5-10-сынып оқушыларының сабақтан тыс уақытта колхоз жұмысына араласуына тура келеді. Науқандық жұмыстарға қарай көп мектептерде сабақ мезгілінен бір, бір ай жарым кеш басталып жүреді. Мұғалімдердің жетіспеуіне байланысты бірқатар пәндер мүлде өткізілмеген.

1942 жылы ауданда 3 орта, 7 орталау, 7 бастауыш мектеп болды, 1954 – 1955 жылдары ауданда оншақты орта мектеп – Киров, Горький, Шевченко, Микоян, Жданов, Тельман атындағы, Ащымұрын, Қарақұм, Долгий, Қызылқұмда болды. Құлалы, Түбіжік, Фетисов, Ақшұқыр, Қызық, Сенек жерлерінде бастауыш мектептер, аудан орталығында – 50, Қарақұмда – 50, Сенекте – 40 балалық интернат жұмыс жасаған [4].

Соғыстан кейінгі кезеңдерде Маңғыстау түбегінде халық ағарту жүйесі даму сатысын бастан кешірді. 1949 жылы С.М.Киров атындағы мектептен Горький атындағы, Тельман және Таушық мектептері бөлініп шықты [3].

Қорыта келе, ағартушылық пен халықтың білім деңгейі – ұлттық мәдениеттің, ұлттық сана дамуының ең басты көрсеткіші екенін ескерер болсақ, XIX ғасыр мен XX ғасырдың алғашқы жартысындағы Маңғыстау халқының білім алу үрдісі тарихи

белестерге сай өсу бағытында болғанын тарихтың өзі дәлелдеп отыр. Білім – жеке адамның әлеуметтік-экономикалық үрдістерге тиімді араласуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Заманға сай білім алу және озық технологияларды игеруге мүмкіндік беретін білім берудің тиімді инфрақұрылымын жасау өзінің өзектілігін ешқашан жоймайды. Сонымен қатар, жастардың санасын дамыту үшін тек материалдық игіліктерді ғана дәріптеумен шектелмей, олардың бойына ата-баба дәстүрі мен өз халқының өткен тарихын қастерлеуді, ең бастысы, Отансүйгіштікті нығайтуымыз үшін ұлттық рухани-мәдени құндылықтарды берік сіңіруіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

[1] Ж.Б.Аширбекова. Қазақстан Республикасындағы білім беру мен ғылым жүйесіндегі реформалар: барысы мен нәтижелері //Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті. Хабаршы. – 2014. – №4 (52). – Б.5-12.

[2] <https://el.kz>

[3] О.Д.Табылдиева. Маңғыстаудағы халық ағарту ісі (XIX-XX ғғ.) //Изденіс-Поиск (гуман.ғылым.сер.). – 2016. – №3. – Б.47-51.

[4] Әбілқайыр Спан, Жанат Нұрмаханова. Тарихи очерктер. – А., 1996. – Б.337. (электрондық ресурс). [https://kitap.kz/books/glmhuoj/read#epubcfi\(/6/2\[id1\]!/4/2/2/1:0\)](https://kitap.kz/books/glmhuoj/read#epubcfi(/6/2[id1]!/4/2/2/1:0))

[5]. О.Д.Табылдиева. XX ғасырдың басындағы Маңғыстау өңіріндегі білім беру ісінің жағдайы //Қоғам. Тарих. Мәдениет (ғылыми-сараптамалық журнал). – 2014. – №2 (42). – Б.72-77.

[6] Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – А., 2002. – Т3. – Б.679.

[7] MOMM 211-қор, 1-тізбе, 36-іс, 61-67-парақтар.

HISTORY OF DEVELOPMENT OF EDUCATION IN MANGYSTAU REGION (XIX – FIRST HALF OF XX CENTURIES)

Kamiyeva G.B.- Caspian State University of Technologies and Engineering named after Sh. Yessenov, Aktau City, Republic of Kazakhstan

Annotation. The article analyzes the history of development of educational system in Mangystau Region in XIX-first half of XX centuries from the scientific point of view. It describes the level of education of local population and the activities carried out in the region before 1950s on developing provision of education to residents and the specifics of these activities.

Key words: knowledge, Mangystau, education, elimination of illiteracy

**ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ ПРОСВЕЩЕНИЯ В МАНГИСТАУ (XIX ВЕК –
ПЕРВАЯ ПОЛОВИНА XX ВЕКА)**

Камиева.Г.Б. - Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им Ш.Есенова, г.Актау, Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается история развития образования в Мангистау в XIX веке и в первой половине XX века. В статье отражены особенности проведенных мероприятий по развитию народного образования и уровня грамотности населения в регионе до 1950-х годов.

Ключевые слова: знание, Мангистау, просвещение, ликвидация неграмотности.

Подписано в печать 15.06.2017 г.

Формат 60x84 1/12

Объем 178 стр. 14,8 печатных листа

Тираж 300 экз.

Отпечатано в редакционно-издательском отделе

КГУТИ им. Ш. Есенова

Адрес: 130000, Республика Казахстан,

г. Актау, 32 мкрн.